

Бекітемін;
2021 жылдың «26» тамыз
айында №1 педагогикалық
кеңесте бекітілген
б/б меңгерушісі:
Г.Батыркулова.



«Нұр-Саят» бөбекжай балабақшасының 2021-2022 жылдарға арналған жылдық жоспары

Жетісай ауданы.Асықата кенті 2021 – 2022 оқу жылы

Жылдық жоспардың структуралық моделі:

1.Ұйымдастыру жұмыс

- 1.1. Кіріспе
- 1.2. 2020- 2021жылының жұмысын талдау
- 1.3. 2021- 2022 оқу жылының міндеттемелері
- 1.4. Балабақшаның күн тәртібі
- 1.5 Үлгілік оқу жоспары
- 1.6 Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі
- 1.7 Бір жылға арналған іс- шаралар кестесі

2. Кадрлармен жұмыс.

- 2.1Педагогикалық кеңестер
- 2.2 Өндірістік кеңестер
- 2.3 Меңгеруші жанындағы кеңестер
- 2.4. Педагогтарды аттестаттаудан өткізу
- 2.5. Педагогтардың біліктілігін арттыру жоспары

3.Әдістемелік жұмыс

- 3.1. Әдістемелік кеңестер
- 3.2 Косультациялар , семинарлар, семинар-практикумдар, дөңгелек үстелдер.
- 3.3 Озық педагогикалық тәжірибе
- 3.4. Жас мамандармен жүргізілетін жұмыстар
- 3.5 Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері

4. Балалармен жұмыс

4.1 Қауіпсіздік мектебі

4.2 Ертеңгіліктер

4.3 Серуендер

4.4 Сайыстар, көрмелер

5. Бақылау және басшылық

6. Әлеуметпен жұмыс

6.1 Жалпы ата аналар жиналысы

6.2 Топтар жиналысы

6.3 Ата-аналар консультациясы

6.4 Ашық есік күндері.

7. Шаруа- әкімшілік жұмысы

Жылдық жоспарға қосымша: Мектеппен балабақша арасындағы байланыс жұмыс жоспары

1. Медицина қызметкерінің жұмыс жоспары
2. Педагог-психологтың жұмыс жоспары
3. Шығармашылық топтың жұмыс жоспары
4. Жазғы сауықтыру жұмысы (Салауатты өмір салтын ұйымдастыру)
5. Құқықтық жалпы оқыту жоспары

1.1.Кіріспе.

«Нұр-Саят» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Түркістан облысы, Жетісай ауданына қарасты, Асықата кентінде М.Дулатов көшесінде №47 үйде орналасқан. Балабақша мемлекеттік комиссия шешімімен 2012 жылы 01 маусым айында іске қосылды. Ғимарат 2 бөліктен тұрады. Балабақша бір қабатты ғимараттан құралған. Балабақша ғимаратында алты топқа арналған шешінетін қабылдау бөлмесі, ойын және ұйқы бөлмесі бар. Музыка мен әкімшілік бөлмелері, медицина бөлмесі және кіші топқа арналған әжетхана бар. Аулада үлкен топқа арналған әжетхана орналасқан.Топтар 150 бала санын құрайды. Асхана, қойма және кір жуатын бөлмелер ғимаратта орналасқан. Су , электр жүйесі орталықтандырылған. Жылу жүйесі газ арқылы үш қазандық пештермен жылытылады. Балабақша шлакоблок кірпіш қорғанмен қоршалған . Балабақша көгалдандырылған: алма,өрік, шие, жүзім, анар, әртүрлі жеміс ағаштары басқа да ағаштар отырғызылған. Гүлзарларға гүл егіліп күтім жасалуда. Балабақша ауласында ойын алаңы бар.Топқа арналған жазғы бастырма бар.Ойын алаңында, карусель әткеншектер,сырғанауға арналған төбешіктер түрлі-түсті баллондар қойылып, құм толтырылған кіші бастырмалармен жабдықталған. Медициналық бөлмесі балалардың антропометриялық өлшеулерін анықтайтын құралдармен,дәрі-дәрмектермен жабдықталған.

Балабақша өртке қарсы құрал - жабдықтармен қамтылып, сақтандыру жабдықтары дайындалған.

Жалпы балабақшада 12 педагог жұмыс істейді.

Жоғары білімді педагог: 7

Арнаулы орта білімді педагог: 5

I санатты педагог- 0

II Санатты педагог - 3

Санатсыз педагог - 9

Жалпы балалар саны- 150

2021-2022 оқу жылында топты жас кезеңдеріне қарай 6 топқа бөлдік.

№	Топтар	Жас ерекшеліктері	Балалар саны	Оқыту тілі
1	Ерте жас «Балапан» тобы	1 жастан бастап	25	қазақ
3	Кіші «Шағала» тобы	2 жастан бастап	25	қазақ
4	Кіші «Жұлдыз» тобы	2 жастан бастап	25	қазақ
5	Ортаңғы «Балауса»тобы	3 жастан бастап	25	қазақ
8	Ересек «Нұршуақ» тобы	4жастан бастап	25	қазақ
9	Ересек «Балдурен» тобы	4жастан бастап	25	қазақ

Жұмыс уақыты 5 күндік сағат 8:00 дан 18:30 дейін

1.2. 2020- 2021 Оқу жылының жұмысын талдау

Бөбекжай–бақшасының № 63 н/қ бұйрығы негізінде 2020-2021 оқу жылында 6 топ жұмыс жасады.

Жалпы бала саны – 150.

«Нұр-Саят» бөбекжай-балабақшасы ЖШС «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қазақстан Республикасы үкіметінің қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың Үлгілік оқу жоспарына (Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасына (Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы); Қазақстан республикасының мектепке дейінгі мекемелерде 2020-2021 оқу жылында білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы» әдістемелік– нұсқаулық хатына сәйкес қызмет етті. Балабақшаның білім беру – тәрбиелеу жұмысының негізгі бағыттарын жүзеге асыру, қашықтықтан және онлайн оқыту форматындағы сабақтарды (консультацияларды) ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралардың 2020-2021 оқу жылына арналған жоспары бойынша жұмыс жүргізілді. Ересек топ, ортаңғы топтармен қашықтықтан аптасына екі рет ұйымдастырылған оқу қызметтері, мерекелік іс-шаралар өтілді. Ортаңғы топтарға , ересек топтарға ТРИЗ технологиясы бойынша шығармашылық жұмыстар жүргізілді. Барлық топтар және әдіскер бөлмесі оқу жылында Қазбілімжабдықтан алынған талапқа сай ойыншықтарымен қамтылған болатын, тәжірибе жұмысына арналған құрал-жабдықтармен толықтырылып, тәрбиеші және педагог мамандардың портфолиосы толықтырылды.

- Бөбекжай-бақша дәліздері, топ бөлмелері талапқа сай стендтермен жабдықталды

-Бөбекжай-бақша дәліздерінде педагог қызметкерлердің күшімен суретті галереялар ілініп, қолдан жасалған ойыншықтардан қол өнер бұрышы ашылды. Топтарда желілі-рельді ойындармен, дидактикалық материалдармен, жаңа кілемдермен жабдықталды.

Балабақшада- топтардың тізімі бекітіліп, кестені, жұмыс кестесін, күн тәртібін жасалып , қызметкерлерге жұмыс кестесі, лауазымдық міндеттері таныстырылып, кезекші тізімдері жасалып, қашықтықтан ҰОҚ ұйымдастырылды.

Тәрбиеленушілердің қозғалысы, балабақша педагогтарының сапалық құрамы, материалдық база, балабақшаның техникалық қызметкерлері туралы мәліметтерді және басқаларды ҰБДҚ толтырып отырдық.

Жетісай ауданының білім бөлімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығына сәйкес жұмыстар жүргізілді. Коронавирустық

инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде ұйымдастырылған оқу қызметтерін(бұдан әрі- ҰОҚ) ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды қолдана отырып жүзеге асты.

1) ұйымдастырылған оқу қызметі (кеңестер) қашық форматта; (15 минуттан артық емес)

2) кезекші топтардың жұмысы ұйымдастырылды.

3. Ұйымдастырылған оқу қызметін (кеңестер) ұйымдастыру қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, ата-аналардың қалауы бойынша, қол жетімді байланыс түрлері бар, үй жағдайында ересектер тобында материалдар ұсынылды, ата-аналардың жетекшілігімен тәрбиешілердің тапсырмаларын орындады. Ал кіші топ тәрбиеленушілердің ата-аналарымен үй жағдайында санитарлық талаптарды орындау туралы кеңестер онлайн форматта жүргізіліп отырды.

Тәрбиешілердің қашықтықтан кіріктірілген сабақ кестелері құрылып, бекітілді. Бекітілген оқу кестесіне сәйкес қашықтықтан ұйымдастырылған оқу қызметін өткізілді.Тәрбиешілер әлеуметтік желіде ((WhatsApp) топтар құрып, жас топтарын ескере отырып өтпелі тақырыптыр бойынша бейне сабақтар, мультфильмдер, аудио-ертегілер көрсетіп отырды. Баланың сабақты қабылдауын кері байланыс арқылы ата-аналармен хабарласып отырды.

Ата - аналардың өтініші бойынша кезекші топтарды ұйымдастыру-тиісті аумақтардың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлерінің келісімі бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімдері негізінде санитарлық талаптарды сақтай отырып, ашылды. Санитарлық талаптарды сақтай отырып, ата-ана өтініші негізінде 2021 жылдың наурыз айынан бастап үш топқа 15 баладан кезекші топ ашылып, жұмысын жүргізді.

Кезекші топтардың контингенті, кестесі, жұмыс кестесі, педагогикалық құрамы анықталып бекітілді. Барлық қызметкерлер және тәрбиеленушілер таңертеңгі филтрден өтіп тұруын қатты қадағаланды. Жыл бойы да педагогикалық кеңестер, меңгеруші жанындағы кеңестер, өндірістік кеңестер онлайн форматта өтілді.Балабақша ұжымы бекітілген жоспар бойынша жұмыс жүргізді. Жазғы айларда балабақша ұжымы өз күшімен ғимараттарды жөндеу жұмыстарын өткізіп, балабақшаға жаңа оқу жылына дайындық жүргізді.Ата-анамен өзара байланыс жасалды.Ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мектепке дейінгі ұйымның басты серіктесі баланың ата-аналары болып табылады. Бала тәрбиесіндегі отбасы негізгі анықтаушы рольді алады. Ал балабақша өз кезегінде оларға көмек көрсетуге ұмтылады, баланың қабілеттерін дамыту үшін мүмкіндіктерін ашады. Сондықтан, біздің мектепке дейінгі мекемеміздің негізгі қызмет бағытының бірі баланың дамуы мен

өзара байланыс мәселелерін шешуде отбасы мен балабақша күшін біріктіру, балабақша – отбасы тұтас білім беру кеңістігін орнату болып табылады. Ата-аналармен өзара байланыс жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді. Әлеуметтік төлқұжаттар толтырылып, балабақшамыз білім сапасымен қанағаттану деңгейлері анықталды.

Ата-аналармен жұмыстың дәстүрлі емес формаларын қолдану балалар мен ата-аналар ұжымының ынтымақтасуына, балабақша мен отбасының серіктесуіне ықпал етті. Осыған орай, тренинг элементтерімен «Нұршуақ» ересек тобы ата-аналар жиналысын өтті - тәрбиешісі: Ж.Қиятаева, «Балалардың өз өзіне қызмет етуі» - жиналыс - диспут – тәрбиешісі: А.Серикбаева өтті.

Карантин тәртібі шеңберінде қашықтық оқыту түрі жүргізіліп, ата-аналар белсенділік танытып, кері байланысқа шықты, балалардың жасаған сабақтарының фотосуреттері мен видеожазбаларын жіберді.

Жыл соңында жүргізілген «Сіздің балабақша жұмысы туралы пікіріңіз» сауалнамасының нәтижесі ата-аналардың балабақша ұжымының жұмысын оң бағалайтынын көрсетті. Алынған мәліметтерге сүйенсек, ата-аналар балабақша жұмысын жағымды бағалайды, балалардың балабақшада болуына қанағаттанады, жүйелі әрі жоспарлы жүргізіліп отырған педагогтардың кәсіби жұмыстарын жоғары бағалайды. Бірақ балалардың денсаулықтарын нығайту жұмыстарын жетілдіру керек деп есептейді. Тәрбиеленушілердің отбасыларымен ұйымдастырылған түрлі жұмыстар ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға ықпал етті. Балабақша өміріне деген тұрақты қызығушылықтары нығайды.

1.3. 2021- 2022 оқу жылы жұмысының негізгі бағыттары

Мақсаты:

- Салауатты өмір салтын, ұлттық ойындар мен жаттығулар арқылы дене шынықтыруға қызығушылықты кіріктіру әдіс-тәсілі арқылы мінез – құлықты қалыптастыру.
- Мектеп жасына дейінгі тәрбие мен оқытуда білім беру салаларын кіріктіріп, инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы 4 К модуль бойынша командамен бірлесе жұмыс жасауды қалыптастыру.
- Коммуникативтік – танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды инновациялық әдістер мен технологиялар элементтерін қолдана отырып қалыптастыру.
- Эксперименттік зерттеу жұмыстары арқылы балалардың танымдық логикалық ойлау, тілдік сөйлеу, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Міндеті:

- Қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына музыканы байланыстырып, жаттықтыру арқылы балалардың негізгі қимыл тәжірибелерін байыту.
- Балаларды грамматикалық дұрыс сөйлеуге, негізгі ойын дұрыс жеткізіп, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамытуды.
- Балалардың интеллектуалдық қабілеттерін дамытумен қатар табиғат әлеміне танымдық қызығушылықтарын зерттеу жобалау арқылы арттыру.
- Балалардың танымдық шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаға эстетикалық қабылдауын кіріктіру тәсілдері арқылы дамыту.

Күн тәртібі.

«Нұршуақ» және «Балдәурен» ересек топтары

Күн тәртібінің элементтері	Уақыты (сағат, минут)
Қабылдау, тексеріп-қабылдау, таңертеңгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар. Таңғы асқа дайындық, таңғы ас. Дербес әрекет, ҰОҚ дайындық.	08.00 – 08.30 08.30 – 09.00 09.00 – 09.15
ҰОҚ(үзілістерді қоса алғанда)	09.15 – 10.00
Серуенге дайындық, серуен. Серуенне оралу	10.00 – 10.20 12.00-12.20
Түскі асқа дайындық, түскі ас	12.20 – 13.00
Ұйқыға дайындық, ұйқы	13.00 – 15.10
Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.10 – 15.40
Бесін ас	15.40 – 16.00
Ойындар, дербес ойындар Серуенге дайындық, серуен Серуеннен оралу	16.00 – 16.30 16.30-18.00
Балалардың үйге оралу	18.00 – 18.30

Күн тәртібі.

«Балауса»ортаңғы топтары

Күн тәртібінің элементтері	Уақыты (сағат, минут)
Қабылдау, тексеріп-қабылдау, таңертеңгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар. Таңғы асқа дайындық, таңғы ас. Дербес әрекет, ҰОҚ дайындық.	08.00 – 08.30 08.30 – 09.00 09.00 – 09.15
ҰОҚ(үзілістерді қоса алғанда)	09.15 – 10.00
Серуенге дайындық, серуен. Серуенне оралу	10.00 – 10.20 12.00-12.20
Түскі асқа дайындық, түскі ас	12.20 – 13.00
Ұйқыға дайындық, ұйқы	13.00 – 15.10
Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.10 – 15.40
Бесін ас	15.40 – 16.00
Ойындар, дербес ойындар Серуенге дайындық, серуен Серуеннен оралу	16.00 – 16.30 16.30-18.00
Балалардың үйге оралу	18.00 – 18.30

Күн тәртібі.

«Жұлдыз»және «Шағала» кіші топтары

Күн тәртібінің элементтері	Уақыты (сағат, минут)
Қабылдау,тексеріп-қабылдау,таңертеңгі жаттығу,үстел үсті,саусақ,дидактикалық ойындар. Таңғы асқа дайындық,таңғы ас. Деррбес әрекет,ҰОҚ дайындық	08.00 – 08.20 08.20 – 08.40 08.40 – 09.00
ҰОҚ(үзілістерді қоса алғанда)	09.00 – 9.30
Серуенге дайындық,серуен. Серуенне оралу	9.30 – 9.50 9.50-11.30 11.30-11.50
Түскі асқа дайындық,түскі ас	11.50 – 12.30
. Ұйқыға дайындық,ұйқы	12.30 – 15.00
Біртіндеп тұру,ауа,су емшаралары	15.00 – 15.30 15.30 – 16.00
Бесін ас	15.30 – 16.00
Ойындар,дербес ойындар Серунге дайындық.серуен Серуеннен оралу	16.00 – 16.20 16.20-18.00
Балалардың үйге оралу	18.00 – 18.30

Күн тәртібі.
«Балапан» ерте жас топтары

Күн тәртібінің элементтері	Уақыты (сағат, минут)
Қабылдау, тексеріп-қабылдау, таңертеңгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар. Таңғы асқа дайындық, таңғы ас. Дербес әрекет, ҰОҚ дайындық	08.00 – 08.20 08.20 – 08.40 08.40 – 09.00
ҰОҚ(үзілістерді қоса алғанда)	09.00 – 9.30
Серуенге дайындық, серуен. Серуенне оралу	9.30 – 9.50 9.50-11.30 11.30-11.50
Түскі асқа дайындық, түскі ас	11.50 – 12.30
. Ұйқыға дайындық, ұйқы	12.30 – 15.00
Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.00 – 15.30 15.30 – 16.00
Бесін ас	15.30 – 16.00
Ойындар, дербес ойындар Серуенге дайындық, серуен Серуеннен оралу	16.00 – 16.20 16.20-18.00
Балалардың үйге оралу	18.00 – 18.30

1.5 Үлгілік оқу жоспары

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
1-қосымша

1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

№	Білім беру салалары/ Ұйымдастырылған оқу қызметі	Жас тобы				
		Ерте жас тобы (1 жастан бастап)	Кіші топ (2 жастан бастап)	Ортаңғы топ (3 жастан бастап)	Ересек топ (4 жастан бастап)	Мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5-жастан бастап)
1	"Денсаулық"	3	3	3	3	3
2	Дене шынықтыру	3	3	3	3	2,5
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	-	-	-	-	0,5
	"Қатынас"	1	1	2	2,5	5
	Сөйлеуді дамыту	0,5	0,5	1	1	1
3	Көркем әдебиет	0,5	0,5	0,5	1	1
	Сауат ашу негіздері	-	-	-	-	2
	Орыс тілі	-	-	0,5	0,5	1
	"Таным"	1	2	2,5	2,5	2,5
4	Математика негіздері	-	-	1	1	1
	Сенсорика	0,5	0,5	-	-	-
	Құрастыру	-	0,5	0,5	0,5	0,5
	Жаратылыстану	0,5	1	1	1	1
4	"Шығармашылық"	2	3	3	3,5	5
	Сурет салу	0,5	1	1	1	1

	Мүсіндеу	0,5	0,25	0,25	0,5	1
	Жапсыру	-	0,25	0,25	0,5	1
	Музыка	1	1,5	1,5	1,5	2
5	"Әлеумет"	-	-	0,5	0,5	1,5
	Өзін-өзі тану	-	-	-	-	1
	Қоршаған ортамен танысу	-	-	0,5	0,5	0,5
6	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	7-10 минут	10-15 минут	15-20 минут	20-25 минут	25-30 минут
7	Апталық оқу жүктемесінің көлемі	7	9	11	12	17
8	Вариативтік компонент*	-	-	1	2	3
9	Барлығы	7	9	12	14	20

*іс-әрекет түрлері (ойын, дербес, шығармашылық), тілдерді үйрету, жеке жұмыс.

1.6 Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі

Ерте жас «Балапан» тобы (1 жастан бастап)

Апта күндері Білім саласы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
«Денсаулық»-3	Дене шынықтыру (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)			Дене шынықтыру (1,0)
«Қатынас»-1			Сөйлеуді дамыту (0,5) 1-3 апта/ Көркем әдебиет (0,5) 2-4 апта		
«Таным»-1		Жаратылыстану (0,5) 1,3апта Сенсорика (0,5) 2,4 апта			
«Шығармашылық»-2			Музыка (1,0)	Сурет салу (0,5) 1,3 апта/ Мүсіндеу (0,5) 2,4 апта	
«Әлеумет»-0					

ҰОҚ жалпы көлемі - 7 сағат. ҰОҚ ұзақтығы - 7-10 мин

**Кіші «Жұлдыз», «Шағала» тобы
(2 жастан бастап)**

Апта күндері Білім саласы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
«Денсаулық» -3		Дене шынықтыру (1,0)		Дене шынықтыру (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)
«Қатынас» -1,0		Сөйлеуді дамыту (0,5) 1,2апта		Көркем әдебиет (0,5) 3,4 апта	
«Таным» -2,0	Құрастыру (0,5) 1,2апта Сенсорика (0,5) 3,4 апта				Жаратылыс тану (1,0)
«Шығармашы лық»-3	Музыка (1,0)	Мүсіндеу (0,25) 4апта	Сурет салу (1,0) Жапсыру (0,25) 3апта Музыка (0,5) 1,2 апта		
«Әлеуметтік орта»-0					

ҰОҚ жалпы көлемі: 9 сағ. ҰОҚ ұзақтығы : 10-15 мин.

**Ортаңғы «Балауса» тобы
(3 жастан бастап)**

Апта күндері Білім саласы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
«Денсаулық» -3	Дене шынықтыру (1,0)		Дене шынықтыру (1,0)		Дене шынықтыру (1,0)
«Қатынас» -2,0		Сөйлеуді дамыту (1,0)	Көркем әдебиет(0,5) 1,3 апта Орыс тілі(0,5) 2,3 апта		
«Таным» -2,5	Құрастыру(0,5) 2,4апта		Математика негіздері (1,0)	Жаратылыс тану (1,0)	
«Шығармашы лық»-3		Музыка (1,0)		Жапсыру (0,25) 1 апта Мүсіндеу(0,25) 3 апта/ Музыка (0,5) 2,4 апта	Сурет салу (1,0)
«Әлеуметтік орта»-0,5	Қоршаған ортамен таныстыру (0,5) 1,3 апта				

ҰОҚ жалпы көлемі: 11 сағ. ҰОҚ ұзақтығы : 15-20 мин.

Вариативтік компонент- 1,0		Ертегілер елінде (1,0)			
-------------------------------	--	---------------------------	--	--	--

Барлығы: 12

Ересек «Нұршуақ», «Балдәурен» топтары (4 жастан бастап)

Апта күндері Білім саласы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
«Денсаулық»-3	Дене шынықтыру (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)		Дене шынықтыру (1,0)	.
«Қатынас»-2,5		Сөйлеуді дамыту (1,0)		Көркем әдебиет (1,0)	Орыс тілі (0,5) 1-3 апта
«Таным»-2,5	Құрастыру (0,5) 1,3 апта		Математика Негіздері (1,0)		Жаратылыс тану (1,0)
«Шығармашы лық»-3,5		Сурет салу (1,0)	Музыка (1,0)	Жапсыру (0,5) 1,3 апта/ Мүсіндеу (0,5) 2,4 апта	Музыка(0,5) 2,4 апта
«Әлеумет»-0,5	Қоршаған ортамен таныс-у (0,5) 2,4 апта				

Оқу жүктемесі: 12 сағат. Жұмсалатын уақыты: 20-25 мин

Вариативтік компонент- 2,0		«Көңілді бояулар» (1,0)		«Зерттеу-іздістіру ойындары» (1,0)	
---------------------------------------	--	----------------------------	--	---------------------------------------	--

Барлығы : 14 сағ

1.4 Бір жылға арналған іс- шаралар кестесі

	Балабақша іс- шаралары	VIII	IX	X	XI	XII	I	II	III	IV	V	VI	VII
	Педкеңестер	+			+		+		+		+		
	Меңгеруші жанындағы кеңестер		+		+		+		+		+		+
	Өндірістік кеңестер	+				+			+		+		
	Ашық сабақтар			+	+	+	+	+	+	+	+		
	Педагогтарға арналған кеңес- нұсқаулар	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
	Ата- аналар жиналысы: Жалпы Топтық Ата- аналарға консультация		+			+					+		
	Бақылау мен басшылық Шолу Тақырыптық Салыстыру Жан- жақты Қорытынды	+		+	+	+					+		
	Бала өмірін қорғау бойынша инструктаж	+					+						
	Әдіскерлік бөлменің жұмыс	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
	Мерекелер мен ойын- сауықтар		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
	Көрмелер мен байқаулар	+			+				+				
	Ашық есік күндері		+	+	+		+	+		+	+		
	Денсаулық мерекесі			+		+		+		+		+	
	Әкімшілік- шаруашылық жұмыс	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+

2. Кадрлармен жұмыс

2.1. Педагогикалық кеңестер.

	Мазмұны		
№	№ 1 педагогикалық кеңес	Мерзімі	Жауаптылар
1	Тақырыбы: «Жаңа оқу жылына дайындық» Мақсаты: Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттарымен таныстырып, жүзеге асыру жұмыстары. 1. Балабақша педагогикалық ұжымын 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспары мен үлгілік оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесімен (вариативтік компоненттерді қосқанда), перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау, бекіту.	Тамыз	Меңгеруші Г.Батыркулова
	2.Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық.		Меңгеруші Г.Батыркулова
	3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тарау, 59-бабының 4- тармағына сәйкес өзіндік аттестаттау туралы. Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020жылғы 11 мамырдағы №192 бұйрығы.		Меңгеруші Г.Батыркулова
	4. Тәлімгерлік туралы ережелер, жас мамандарға арналған нұсқаулықтар. Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекіту.		Меңгеруші Г.Батыркулова
	5.Тәрбиешілердің шығармашылық тобының жұмысын ұйымдастыру. . 6. Қазан айында өтілетін ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері 1. «Менің отбасым» ересек топта. 2. «Ғажайып сандық» математика негіздері ересек топта.		Әдіскер Н.Умирбекова Д.Мейір Н.Таспулатова
2	№2 педкеңес		
	1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы	Қараша	меңгеруші
	2.Балабақшадағы білім беру үрдісінде креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті және командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту.		Меңгеруші Г.Батыркулова

	3. Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбие беру жұмыстарын ұйымдастыру.		Тәрбиеші А.Серикбаева
	4. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің негізгі тәсілдері.		Әдіскер Н.Умирбекова
	5.Вариативті компоненттің жоспарлануы және өту сапасы.Салыстырмалы тексерудің қорытындысы.Ересек «Нұршуақ», «Балдәурен» тобы.		
	6. Қараша айында өтілетін ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері 1. «Дұрыс тамақтану.Дәрумендер.» қатынас. ересек топта 2. «Домалайды алмалар» дене шынықтыру ортаңғы топта 3. «Сықырлы жіп орамдары» дәстүрден тыс сурет салу ересек топта		Н.Таспулатова А.Серикбаева Д.Мейір
3	№3 педкеңес		
	1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы	Қаңтар	Меңгеруші Г.Батыркулова
	2 Педагогтермен ментәрбиешілердің жарты жылдық есебі		Меңгеруші Г.Батыркулова
	3.Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі		Меңгеруші Г.Батыркулова
	«Шығармашылық» білім саласы бойынша балалардың сурет салу дағдыларының сапасы (ересек топтар) Тақырыптық тексерудің қорытындысы «Балабақшада сурет салуда дәстүрлі емес технологияларды қолдану».		Меңгеруші Г.Батыркулова
	4. Баяндама: «Дидактикалық ойындар-мектеп жасына дейінгі балаларды интеллектуальді дамыту құралы» 5.Баяндама «Жаңартылған бағдарламаның мектепке дейінгі мекемелердегі орны».		Әдіскер Н.Умирбекова
4	№4 педкеңес		
	1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы	Наурыз	Меңгеруші Г.Батыркулова
	2.Балабақшада балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдайлар туғызу.		Әдіскер Н.Умирбекова
	3.Грамматикалық дамудың ерекшеліктері,баланың қалыпты жетілуі,тілдік қорларының жетілуі.		Меңгеруші Г.Батыркулова

	4. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырып бойынша өткізілген іс-шаралары		Әдіскер Н.Умирбекова
	5.Балабақшада ұлттық ойындарды дамыту.		Әдіскер Н.Умирбекова
	6.Наурыз айында өтілетін ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері 1. «Наурыз келді» сөйлеуді дамыту ортаңғы топта 3. «Табиғатқа саяхат » жаратылыстану кіші топта		Тәрбиешілер А.Серикбаева А.Қантөре
5	№ 5 педкеңес		
	1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы	Мамыр	Меңгеруші Г.Батыркулова
	2. Жазғы сауықтыру жұмысына бекіту.		Меңгеруші Г.Батыркулова
	3. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс-тәсілдерінің оқу қызметтеріне енгізу.		Тәрбиеші Ж.Қиятаева
	4. Тәрбиешілердің жылдық есебі.		Тәрбиешілер
	5.Ашық сабақтарды талқылау.		Меңгеруші Г.Батыркулова
	Мамыр айында өтілетін ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері 1. «Достық біздің туымыз» дене шынықтыру ересек топта 2. «Көктемгі орманда сауысқанмен ойнау» сенсорика ерте жас тобы		Тәрбиешілер Н.Таспулатова Г.Нуранова

2.2. Өндірістік кеңестер

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	№1 Ішкі еңбек тәртібін , лауазымдық міндеттерін бекіту.Кадрларды топтарға орналастыру.	Тамыз	Меңгеруші Г.Батыркулова
2	Балалар тізімін анықтау, ситсенге балаларды жас ерекшеліктеріне сай енгізу.		Әдіскер Н.Умирбекова
3	Стандарт талабына орай топтарды жабдықтау жұмысын жалғастыру.Балабақшаның санитарлық-гигиеналық жай-күйі.		Меңгеруші Г.Батыркулова
4	Балалар өмірімен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу,бұйрық шығару. Еңбек қауіпсіздігі және техника қауіпсіздігі шаралары бойынша инструктаж.		
1	№2 Өткен кеңестің шешімінің орындалуы	Желтоқсан	Меңгеруші Г.Батыркулова
2	Жылу мәселесі		Меңгеруші Г.Батыркулова
3	Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту.		
4	Жаңа жыл мерекесіне ертеңгіліктерде қауіпсіздік ережелерін сақтау		А.Қ мүшелері
5	Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы		
1	№3 Өткен кеңестің шешімінің орындалуы	Наурыз	Меңгеруші Г.Батыркулова
2	Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлеріне, ата-аналарға арналған жадынама туралы		Мейірбике С.Садыбекова
3	Балабақша ауласын көгалдандыру, тазалық жөнінде		
4	Кіріс құжаттарды талқылау.		Шаруа Меңгерушісі Д.Жолбарысов

	№ 4 1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы 2. Жазғы сауықтыру шараларын бекіту 3. Жаз мезгілінде болатын аурулардың алдын алу 4. Медициналық кеңестер 5. Жазғы жөндеу жұмыстары жөнінде	Мамыр	Меңгеруші Г.Батыркулова С.Садыбекова Д.Жолбарысов
--	--	-------	---

2.3. Меңгеруші жанындағы кеңестер

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	1. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығына шолу . Топтардағы дамытушы орталықтарды толықтыру және жабдықтау.	Қыркүйек	Меңгеруші Г.Батыркулова
	2.Педагог мамандардың жаңа оқу жылында жүргізілетін іс-құжаттарын сараптау, тексеру,бекіту .		Меңгеруші Г.Батыркулова
	3. Қ.Р.Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы.Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары туралы.Қ.Р.Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы19 маусымдағы №254 бұйрығы туралы. Балаларды қабылдау және шығару бұйрықтарының жүргізілуі.		Меңгеруші Г.Батыркулова
	4.Тіл мерекесіне арналған «Ана тілім айбыным» , «Қош келдің, Алтын күз!» мерекелік ертеңгілігінің жоспарын жасау.		Меңгеруші Г.Батыркулова
	2.Балабақшадағы балаларды қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге бақылауды қамтамасыз ету.		Меңгеруші Г.Батыркулова
	3.«Тәуелсіздікке жыл», «Жаңа жыл» мерекелерін жоспарлау. 4.Жалпы топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығулары және түскі гигиеналық шараларды орындау. (салыстырмалы тексерудің қорытындысы).		Меңгеруші Г.Батыркулова
3	1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы	қаңтар	Меңгеруші Г.Батыркулова
	2.Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі		Меңгеруші Г.Батыркулова

	3. Балабақша мен ата-ана ынтымақтастығын нығайту арқылы құзіретті жеке тұлға қалыптастыру		Меңгеруші Г.Батыркулова
	4. Вариативті компоненттің жоспарлануы және өту сапасы. Салыстырмалы тексерудің қорытындысы. Ересектер «Нұршуақ», «Балдәурен» тобы. 5.«Мерекеңмен Анашым!» 8 наурыз, «Наурыз мерекем –наурызым бер» 22 наурыз мерекелерінің сценарилерімен танысу		Меңгеруші Г.Батыркулова
4	1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы	Наурыз	Меңгеруші Г.Батыркулова
	2. Жыл мезгіліне байланысты сенбілік жұмыстары, көркейту, көгалдандыру жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру.		Меңгеруші Г.Батыркулова
	3.«Қазақстан- достық елі!» 1 мамыр, « Бейбітшілік ұландары!»» 9 мамыр жоспарлау.		Меңгеруші Г.Батыркулова
	4.Апталық тәрбие шараларының циклограмма жоспар журналдарын тексерудің нәтижесі.		Меңгеруші Г.Батыркулова
5	1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы	Мамыр	Меңгеруші Г.Батыркулова
	2.Жазғы маусымдағы балабақшаның жұмысы.		Меңгеруші Г.Батыркулова
	3.1-маусым балаларды қорғау күні, 6 шілді Астана күніне арналған сценариймен танысу.		Меңгеруші Г.Батыркулова
6	1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы	Шілде	Меңгеруші Г.Батыркулова
	2.Жаз маусымындағы сауықтыру шараларының жүргізілу барысы.		Меңгеруші Г.Батыркулова
	3.Жаңа оқу жылына, №1 пед кеңеске дайындық.		Меңгеруші Г.Батыркулова

2.4. АТТЕСТАТТАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Аттестаттау комиссиясының мүшелерін сайлау	Мамыр	меңгерушісі
2	Біліктілік санаттарын растау/ беру үшін аттестаттауға үміткер педагогтардың өтініштерін қарастыру	Мамыр	Аттестаттау комиссиясының төрайымы
3	2021-2022 оқу жылына арналған аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын құру	Тамыз	Аттестаттау комиссиясының төрайымы
4	Білім беру мекемелері қыз-меткерлерін аттестаттау туралы мәжілісіне қатысу	Тамыз	Аттестаттау комиссиясының төрайымы
5	2021-2022 оқу жылында біліктілік санаттарын растау/ беру үшін аттестаттауға үміткер барлық педагогтардың өтініштерін талқылау	Қыркүйек	Аттестаттау комиссиясының төрайымы
6	Аттестаттаудан өтуші педагогтерге әдістемелік көмек көрсету	Жылбойы	Әдіскер
7	Педагог мамандардың шығармашылық есебін тыңдау	Қараша	Ұжым және аттестациялау комиссиясының мүшелері
8	Күнделікті жұмыс барысын бақылау	Қаңтар Ақпан	Аттестаттау комиссиясының мүшелері
9	Ашық қаралымдар беру	Жылбойы	Аттестаттаудан өтуші педагогтар
10	Ашықойын-сауық ,тақырыптықіс-шараларынөткізу	Жылбойы	Аттестаттаудан өтуші педагогтар
12	Аттестаттау қорытындысы	Сәуір	Аттестаттау комиссиясы
13	2021 – 2022 оқу жылында аттестаттаудан өтуге тілек білдірген педагогтардың өтініштерін қабылдау	Мамыр	Аттестаттау комиссиясының төрайымы

2.5. Педагогтардың біліктілігін арттыру жоспары

№	Аты жөні	Қызметі	Бітірген оқу орны	Мамандығы	Санаты	Курс	2021	2022	Қызмет өтілі	
									ж\ө	п\ө
1	Батыркулова Гулсара	Меңгеруші	ШӘПУ	БОПӘ	санатсыз	2019	-	к	11	10
2	Умирбекова Нагима	Әдіскер	ХҚТУ	ЖТП және еңбек пәні	санатсыз	2019	-	к	26	10
3	Киятаева Жадра	Тәрбиеші	Халықтар достығы университеті	Бастауыш білім беру	II санат	2019	-	к	8	8
4	Серикбаева Айнур	Тәрбиеші	Отырар колледж	Бастауыш білім беру	II санат	2017	-	к	7	7
5	Мейір Динара	Тәрбиеші	Жетісай Ғ.Мұратбаев ат.пед.колледж	МД тәрбиелеу	санатсыз	2019	к		4	4
6	Таспулатова Нурсулу	Тәрбиеші	Қазақстан халықтар Достығы университеті	БОПӘ	II санат	2021	-	-	9	9
7	Қантөре Айгерім	Тәрбиеші	Сырдария университеті.	Химия	санатсыз	Өтпеген	к	к	4	4
8	Нуранова Гулбану	тәрбиеші	ҚазҰПУ	МД оқыту және тәрбиелеу	Санатсыз	2017	к	к	5	5
9	Әзірхан Гүлнұр	Психолог	Сырдария универ.	Педагогика және психология	Санатсыз	2021		к	4	2
10	Абжамиева Ляззат Сериқовна	Ән саз маманы	Мәдени-ағарту жұмысы	Мәдени ағарту жұмысы	Санатсыз	өтпеген	к		10	10

11	Данярұлы Абылайхан	Тәрбиеші	Сырдария универ.	Қазақ тілі мен әдебиеті	Санатсыз	өтпеген	к	-	2	2
12	Батыркулова Замзагуль Азырхановна	Тәрбиеші	Жетісай пед.колледж	МД тәрбиелеу	Санатсыз	өтпеген	к	-		

3. Әдістемелік жұмыс

Міндет: МЖМББСтандарты мазмұны негізінде мектеп жасына дейінгібалалардың білім беру процесі бойынша, құзыреттілігін қамтамасыз ету.

№	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Балабақшаның күн тәртібі мен оқу қызметтерінің кестесін құру	қыркүйек	Әдіскер Н.Умирбекова
2	Балалардың білімін бақылау (мониторинг жасау)	Өз мерзімінде	Әдіскер Н.Умирбекова
3	Ұйымдастырылатын байқаулар мен көрмелердің ережелерін дайындау		Әдіскер Н.Умирбекова
4	Топтарға жаңа инновациялық топ жоспарын құру	сәуір	Әдіскер Н.Умирбекова
5	Педагогтардың шығармашылығына талдау жасау, партфолиоларын толықтыру	мамыр	Әдіскер Н.Умирбекова
6	Мектеппен байланыс жоспарын құру		Әдіскер Н.Умирбекова
7	Педкадрларды аттестаттау, құжаттарын дайындау, зерделеу, ұйымдастыру	Дер кезінде	Әдіскер Н.Умирбекова
8	Online бағдарламасын қосу, электронды сайттармен жұмыс	Әр тоқсанда	Әдіскер Н.Умирбекова
9	Интерактивті тақтада Paint-пен сурет салу жұмысы		Әдіскер Н.Умирбекова

3.1. Әдістемелік кеңестер

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының негізгі ережелерін меңгеру	IX	Меңгеруші Г.Батыркулова
2	Бағдарламаларды негізге ала отырып, ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жоспар түзу әдістемесі	X	Әдіскер Н.Умирбекова
3	Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білімберу.	XI	Әдіскер Н.Умирбекова
4	Балалардың көркем – эстетикалық құзіретілігін қалыптастыру	I	Әдіскер Н.Умирбекова
5	Балалардың өміріндегі мерекенің мақсаты мен міндеттері	II	Әдіскер Н.Умирбекова
6	Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары	IV	Әдіскер Н.Умирбекова
7	Таңертеңгі жаттығудың іс – қимылдарын жануарлар қозғалысымен, табиғат құбылыстарымен шаруашылықтарымен, бидің қозғалыс элементтерімен байланыстыру	V	Әдіскер Н.Умирбекова

3.2 Семинарлар. Практикумдар

№ р/ с	Іс-шаралар	Орындалу мерзімі	Есеп беру нысаны	Жауаптылар
1	Семинар-практикум: Денсаулық сақтау технологиялары	қараша	сайтқа ақпарат	Әдіскер Н.Умирбекова
2	Педагогтар үшін семинар «Мектепке дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту үшін театрланған қызметті қолдану.»	ақпан	сайтқа ақпарат	Әдіскер Н.Умирбекова
3	Балалардың музыкаға бейімділігін ойын арқылы қалыптастыру.	наурыз	сайтқа ақпарат	Әдіскер Н.Умирбекова
4	Семинар-практикум. Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық үрдістерін ойын арқылы дамыту»	сәуір	сайтқа ақпарат	Әдіскер Н.Умирбекова
5	Теориялық семинар "Балабақшада заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру"	мамыр	сайтқа ақпарат	Әдіскер Н.Умирбекова

3.3 Озық педагогикалық тәжірибе

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Мектепке дейінгі жастағы балаларының мнемотехника әдісін қолдана отырып тіл байлығын арттыру	Жыл бойы	«Нұршуақ» ересектер тобының тәрбиешісі Н.Таспулатова

3.4.Жас мамандармен жүргізілетін жұмыстар

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істейтін педагогтарға қойылатын стандарт талаптарымен таныстыру	Қыркүйек	Меңгеруші Г.Батыркулова
2	Топтардағы құжаттарды рәсімдеу бойынша әдістемелік көмек	Қаңтар	Әдіскер Н.Умирбекова
3	«Бала құқығы» конвенциясы – тақырыптық кеңес	Ақпан	Әдіскер Н.Умирбекова
4	Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі жоспарын құруға кеңес, мағлұматтар беру.	Наурыз	Меңгеруші Г.Батыркулова
5	Конференция: «Менің маман ретінде жеткен жетістіктерім»	Мамыр	Жас мамандар

3.5 Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері

	Тақырыбы	мерзімі	Жауапты
1	Менің отбасым	қазан	Ересек «Балдәурен»тобы Д.Мейір
2	Дұрыс тамақтану.Дәрумендер.	қараша	Ересектер «Нұршуақ»тобы Н.Таспулатова
3	Шеңбер бойымен жүру,жүгіру	желтоқсан	Кіші «Жұлдыз» Ж.Қиятаева.
4	Сиқырлы жіп орамдар	Ақпан	Кіші «Шағала» тобы А.Қантөре
5	Наурыз келді	наурыз	Ортаңғы топ «Балауса»А.Серикбаева
6	Достық біздің туымыз	сәуір	Ересек топ «Нұршуақ» Н.Таспулатова
7	Ұядағы аралар	сәуір	Ортаңғы «Балауса» тобы А.Серикбаева

4. Балалармен жұмыс

4.1 Қауіпсіздік мектебі

Міндет : Балаларға «Денсаулық» саласында қауіпсіздік өмір жағдайын жасау.

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Топ	Ескерту
1	Күн бойында жеке бас гигиенасын сақтау	күнделікті	Тәрбиеші-р	барлығы	
2	Сұхбат түріндегі машықтар: «Сіріңкемен,отпен ойнама!» -Электр заттарын қолдану ережелерін таныстыру.	Қазан 2021ж	Тәрбиеші-р	Ересек топтары	
3	Көшеде жол ережесін сақтау. «Бағдаршам біздің досымыз» <i>Көңілсергітулер</i>	Желтоқсан 2021ж	тәрбиешілер тәрбиеші-р	Ересек топтары	
4	«Су-тіршілік көзі» -Суды ысыраптамай, таза сақтау.	Наурыз 2022ж	тәрбиеші-р	Ересек топтары	
5	<i>Көңілсергіту:</i> Қауіпсіздік ережесін сақтаймыз «Айналадағы барлық тірі заттарды сақта!»	Тоқсан сайын	тәрбиеші-р	ересек топтар	
6	«От, шам қауіпін тану»-сұхбат «Бейтаныс адаммен кездесу» сұхбат	Сәуір 2022ж	тәрбиеші-р	тәрбиеші-р барлығы	
7	«Таблеткалар мен кәмпиттер»	Мамыр 2022ж		тәрбиеші-р барлығы	

ЖОЛ-КӨЛІКТІК ЖАРАҚАТТАНУДЫҢ ЖӘНЕ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ
БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	1.«Жолда жүру ережелерін сақтаймыз» (бұрыш ұйымдастыру)	Қазан	Тәрбиешілер
2	«Бағдаршам» (ойын-сауық)	Қараша	Ересек,ортаңғы топ балалары
3	«Баламен көшеге шыққанда...» (ата-аналарға кеңестер) (ата-аналар жиналысы)	Желтоқсан	Топ тәрбиешілері
4	«Көңілді көліктер» (балалар арасында сайыс)	Қаңтар	Топтар
5	«Балаларды төтенше жағдайлардан сақ болуға үйретудің жолдары» (кеңес)	Ақпан	Тәрбиешілер
6	«Қауіпсіздік ережелері елінде» (балаларға кеңестер)	Наурыз	Топтар
7	«Жарақаттануға жол бермейміз» (ойын-сауық)	Сәуір	Топтар
8	«Балабақшада балаларды тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі негіздеріне баулу» кеңес	Мамыр	Тәрбиешілер

4.2. Ертеңгіліктер

Міндет: Балалардың жеке тұлғалық шығармашылығын дамыту

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Білім» күні	Қыркүйек	Топ тәрбешілері Ән жетекшісі
2	«Тіл тірегіміз,соғып тұрған жүрегіміз»	Қыркүйек	Топ тәрбиешілері
3	«Алтын күз» «Күз мерекесі»	Қазан	Топ тәрбешілеріӘн жетекшісі
4	«Ел ертеңін ойлаған Елбасы»ертеңгілік	Желтоқсан	Топ тәрбиешілері
5	«Елімнің еркіндігі -Тәуелсіздік»	Желтоқсан	Топ тәрбешілері Ән жетекшісі
6	«Кел, Жаңа жыл ортаға!»ертеңгілік	Желтоқсан	Топ тәрбешілері Ән жетекшісі
7	«Ана-өмір шуағы»	Наурыз	Топ тәрбешілері Ән жетекшісі
8	«Қош келдің,Наурыз!»	Наурыз	Топ тәрбешілері Ән жетекшісі
9	Денсаулық мерекесі	Сәуір	Топ тәрбешілері Ән жетекшісі
10	«1-Бірлік,ынтымақ күні»	Мамыр	Топ тәрбешілері Ән жетекшісі
11	«Ел қорғаны-сарбаздар»күні	Мамыр	Топ тәрбешілері Ән жетекшісі
12	«Ер есімі - ел есінде»	Мамыр	Топ тәрбиешілері Ән-саз жетекшісі
13	«Біз мектепке барамыз!»	Мамыр	Топ тәрбиешілері Ән-Саз жетекшісі
14	Балаларды қорғау күні «Бақытты балалық шақ!»	Маусым	Топ тәрбешілері Ән жетекшісі
15	«Ел ордасы -Нұрсұлтан!»	Шілде	Топ тәрбиешілері Ән-Саз жетекшісі
16	«Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз»	Тамыз	Топ тәрбиешілері Ән-Саз жетекшісі

4.3 Серуендер

№	Атқаратын жұмыстар	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Күзгі саябаққа»	қазан	Ересек топ тәрбиешілері
2	«Балабақша ауласына»	наурыз	Ересект топ тәрбиешілері
3	«Дәріханаға»	сәуір	Ересек топ тәрбиешілері
4	«Театрға»	мамыр	Ересек топ тәрбиешілері

4.4. Сайыстар, көрмелер

Міндеті: Балаларға сапалы тәрбие беру үрдісінің сапасын көтеру.

№	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Ескерту
1	Байқаулар: «Ең үздік аула» байқауы	Қыркүйек 2021ж Сәуір	Тәрб-р,педагог-мамандар	
2	« Абай -дана Абай дара қазақта...» тақырыбында өлең оқу байқауы	Қаңтар 2022ж	Тәрб-р,педагог –мамандар,ата-аналар	
3	«Үздік тәрбиеші» байқауы	Қаңтар 2022ж	Тәрб-р,педагог-мамандар	
	Жарыстар: «Ең үздік жабдықталған инновациялық топ»	Ақпан 2022жыл	Тәрб-р,педагог -мамандар	
	Көрмелер: «Көңілді дәрумендер» күзгі сый көрмесі	Қазан 2021ж	Барлық топ тәрбиешілері, Педогог-мамандар,	
	Өтпелі тақырыптар бойынша	Қараша	Барлық топ тәрбиешілері,	

	жаңа технология «дидактикалық ойындар»жинағының көрмесі Көрме: Жаңартылған бағдарлама материалдар көрмесі «Суретші қыс» -2022ж»	2021ж Желтоқсан 2021ж Қаңтар 2022ж	Педогог-мамандар Барлық топ тәрбиешілері, Педогог-мамандар тәрбиешілері, Педогог-мамандар	
	Экскурсиялар: Балабақшаның әкімшілік және шаруашылық бөлмелеріне (әдістемелік, меңгеруші, медицина және кір жуу) мектептегі соңғы қоңырау күні мерекесіне қатысу	Қыркүйек 2021ж Сәуір 2022ж Мамыр 2022ж	ортаңғы, ересек, топ тәрбиешілері медбике. ересек топ тәрбиешілері	

5. Бақылау мен басшылық

№	Орындалатын жұмыстар	Бақылау түрі	Мерзімі	Жауапты
1	1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы, топтардың жабдыкталуы	салыстырмалы	IX	Меңгеруші Г.Батыркулова
2	Педагогтардың жаңа оқу жылында жүргізілетін іс-құжаттарын сараптап тексеру қорытындысы	жедел	X	Меңгеруші Г.Батыркулова
3	Жалпы топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығулары және түскі гигиеналық шараларды орындау қорытындысы.	салыстырмалы	XI	Меңгеруші Г.Батыркулова
4	Вариативті компоненттің жоспарлануы және өту сапасы.	Салыстырмалы (Ересек топтарда)	XI I	Меңгеруші Г.Батыркулова
5	I-жарты жылдық мониторинг қорытынды (Аралық мониторинг)	Барлық топ	I	Меңгеруші Г.Батыркулова
6	Апталық тәрбие шараларының циклограмма жоспар журналдарын тексерудің нәтижесі.	Салыстырмалы	II	Меңгеруші Г.Батыркулова
7	Күн тәртібінде режимдік сәттерді ұйымдастыру және өткізу.	Шолу	III	Меңгеруші Г.Батыркулова
8	«Шығармашылық» білім саласы бойынша балалардың сурет салу дағдыларының сапасы.(ересек топтары)	Дер кезінде	IV	Меңгеруші Г.Батыркулова
9	II-жартыжылдықтағы балалардың тәрбие мен білім күзiреттiлiгiн қалыптастырудың қорытынды мониторинг нәтижесі	Әр тоқсанда	V	Меңгеруші Г.Батыркулова
10	Жазғы кезеңдегі балалармен жұмыс жүйесі. Күн режимінде балалармен ашық және спорттық ойындар ұйымдастыру	жедел	V	Меңгеруші Г.Батыркулова

6. Әлеуметпен жұмыс

6.1 Ата-аналармен өзара ықпалдастығы

Мақсаты: Ата-ананың педагогикалық мәдениетін жоғарлату, педагогикалыққұжым алдында тұрған міндеттерді бірігіп шешуді үйрету.

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	1. «Келіңіз, танысайық» Жаңа келген ата-аналарға қызметкерлерді таныстырып, жана оқу жылының мақсаттарымен таныстыру және ата-аналар комитетін сайлау	Қыркүйек	меңгеруші Г.Батыркулова Пед ұжым
	2. «Баланың балабақшаға бейімделуі» Әр түрлі сұрақтар		Ата-аналар мен педагогтар
	3. «Мектепке дейінгі балалардың тіл бұзылуының себептері» Ата-аналармен пікір алмасу		Психолог Г.Әзірхан
2	1. «Жаңа жыл» жаңа жылдық жасыл шырша мерекесін көңілді ұйымдастыру, қауіпсіздік ережесін сақтау. 2. «Тұмау және басқа аурулардың алдын алу» медбикенің кеңестері. 3. Үгіт насихат қағазы «Бұны білу керек».(Бала жарақатына байланысты)	Желтоқсан	Әдіскер Н.Умирбекова Тәрбиешілер, Ән-саз Психолог Г.Әзірхан Әдіскер Н.Умирбекова Тәрбиешілер, ата-аналар
3	1. «Алақай жаз келді» Жазғы сауықтыру іс-шаралар туралы және оқу жылын қорытындылау.	Мамыр	меңгеруші Г.Батыркулова Пед ұжым мамандар
	2. Таңертеңгі жаттығудың пайдасы. Медбикенің кеңесі.		Мед бике
	3. Жеке әңгімелер: «Жеке қорғану құралдары, ҚТЖ балабақша жерінде жиналатын орын жайлы ақпарат», «Жер сілкінісі және су тасқыны жағдайында өзінді қалай ұстау керек?»		С.Садыбекова

6.3 Ата-аналарға арналған консультациялық пунктер

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарымен қамтылмаған баласы бар ата-аналарға бала тәрбиесі мәселелері бойынша педагогикалық әдістемелік көмек көрсету.

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Баланы неге және қалай үйрету керек?	Қыркүйек	Психолог Г.Әзірхан
2	«Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі»	Қазан	Тәрбиеші Н.Таспулатова
3	Мектепке дейінгі жастағы балаларда адамгершілік	Қараша	Тәрбиеші Ж.Қиятаева
4	Қиын балалармен жұмыс.	Желтоқсан	Психолог Г.Әзірхан
5	Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту жолдары	Қаңтар	Медбике С.Садыбекова
6	Балаңыздың сөзіне көңіл бөлесіз бе? Сауалнама	Ақпан	Тәрбиеші А.Серикбаева
7	Сәби тілін дамытуда ауыз әдебиетінің маңызы	Наурыз	Тәрбиеші Г.Нуранова
8	Балалардың дұрыс тамақтануының негізгі принциптері.	Сәуір	Медбике С.Садыбекова
9	Ата-аналарға арналған тренинг	Мамыр	Тәрбиеші Д.Мейір

6.4 Ашық есік күндері

	Тақырыбы	мерзімі	Жауапты
1	Сүйікті ойыншықтар	қазан	Кіші «Шағала» тобы А.Қантөре
2	Туған өлке табиғатын қорғайық	қараша	Ересектер «Нұршуақ»тобы Н.Таспулатова
3	Мамандықтың бәрі жақсы	ақпан	Ортаңғы «Балауса»тобы А.Серикбаева
4	Қазақтың ұлттық тағамдары	наурыз	Кіші «Жұлдыз» тобы Ж.Қиятаева
5	Сиқырлы аспаптар	сәуір	Ерте жас «Балапан» тобы Г.Нуранова

7. Шаруа-әкімшілік жұмысы

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Топ бөлмелерін ағымдағы жөндеуден өткізу	Маусым	Шаруа меңгерушісі Д.Жолбарысов
2	Жазғы сауықтыру шараларына учаскелерді жөндеу және дайындау	Маусым	Шаруа меңгерушісі Д.Жолбарысов
3	Кеңсе тауарлары мен көрнекі ақпараттық материалдарды толықтыру	Қазан	Шаруа меңгерушісі Д.Жолбарысов
4	Ыдыс аяқтар, жұмсақ инвенторларды толықтыру	Қыркүйек	Шаруа меңгерушісі Д.Жолбарысов
5	Жылу беру, электр энергиясы, дизстанция, ауыз су, өрт сөндіру, қоқыс жинау мекемелерімен келісім – шартқа тұру	Қараша	Шаруа меңгерушісі Д.Жолбарысов
6	Спорттық жабдықтарды, ойын құралдарды жөндеуден өткізу	Желтоқсан Ақпан	Шаруа меңгерушісі Д.Жолбарысов

Жылдық жоспарға қосымша

1. Мектеппен сабақтастық

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	«№10 Қайнар » мемлекеттік мекемесімен іс –тәжірибе алмасу, байланыс жоспары	Жыл бойы	Топ тәрбиешілері
2	Мектептерге мақсатты серуен жасау. Мектеп ғимаратымен, спорт алаңымен танысу	Қазан	Топ тәрбиешілері
3	Балабақшадан шыққан балалардың үлгерімімен танысу	Қараша	Топ тәрбиешілері
4	Мұғалімдерді «Алтын күз» мерекесіне шақыру	Қараша	Топтәрбиешілері
5	««№10 Қайнар» мемлекеттік мекемесі «Біз мектепке дайынбыз» Ертеңгілігіне балаларды қатыстыру	Желтоқсан	Топ тәрбиешілері
6	Мектепке дейінгі балалар туралы ақпараттар жинау	Мамыр	Топ тәрбиешілері

3. Шығармашылық топ жұмысы

Мақсаты: Педагогикалық процестегі білім беру мазмұнын, оның деңгейі мен сапасын, тәрбиешілердің кәсіптік шеберлік деңгейін көтеру,

Жетекшісі: А.Серикбаева

Мүшелері: Г.Батыркулова, Н.Умирбекова

№	Кезеңдері	Бағыты
1	Дайындық	Зертеушілік қызметтің мақсаттарын, міндеттерін анықтау
2	Қалыптастырушы	Ғылыми әдістемелік базаны кеңейту, педагогикалық шығармашылықты дамыту
3	Талдаушылық	Алынған ақпаратты талдау
4	Қолданушылық	Жоспарлау, реттеу; әдістемелік база жасау; ұсынымдар, пед.сағаттар, семинарлар
5	Қорытынды	Жалпылау, қорытындылау

Шығармашылық топ жұмысын ұйымдастыру кезеңдері

Шығармашылық топтың жұмыс жоспары

№	Өткізілетін іс шаралар	Уақыты	Жауаптылар
1	Шығармашылық топ жиналысы	қыркүйек	Әдіскер
2	Перспективалық жоспар құру бойынша пед.кеңес	қыркүйек	Әдіскер
3	Күн тәртібі және СӨС-н қалыптастыру жөнінде жас мамандармен кеңес	қазан	Тәрбиеші
4	Жас мамандар оқу қызметіне қатысып, көмек беру	ай сайын	Тәрбиеші
5	Жас мамандардың іс шараларына қатысу	жоспар бойынша	Әдіскер
6	Жас мамандардың ашық қаралымына қатысу	қаңтар	Әдіскер
7	«Менің жинағым» үлестірмелі материалдар көрмесі	ақпан	Тәрбиеші
8	Жас маман және тәлімгер байқауы «Менің мамандығым»	сәуір	Тәлімгер,Тәрбиеші
9	Шығармашылық топ қорытынды есебі	мамыр	Тәрбиеші

4. Жазғы сауықтыру жұмыстары (Салауатты өмір салтын ұйымдастыру)

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Ескертулер
1.	Балабақшаны жазғы мерзімде жұмыс жасау ережесіне көшіру	01.06.2022ж -31.08.2022ж	меңгеруші Г.Батыркулова	
2.	Апталықтар: 1.«Бақытты – балалық шақ»апталығы Балаларды қорғау күніне арналған мерекелік іс-шаралар 2. Мемлекеттік рәміздер» Тақырыптық ҰОҚ 3.«Экология» апталығы «Біз – табиғаттың жас қорғаушыларымыз» (Саяхат, көрме) 4.«Салауатты өмір салты»апталығы: «Дені саудың, жаны сау» (Сауықтыру іс-шаралары) 5. «Ұлттық ойындар»апталығы: «Ұлттық ойын әлемінде»(эстафеталық жарыс) 6.Астана – арман қала (Сурет көрмесі) 7.Су патшасы Нептун қонақжайында»	Маусым 2022ж Маусым 2022ж Маусым 2022ж Шілде 2022ж Шілде 2022ж Шілде 2022ж Шілде 2022ж	Барлық топтар Ән жетек-рі тәрбиешілер II – кіші,ортаңғы, ересек топтар Тәрбиешілер, Ән жетекшілері тәрбиеші Тәрбиешілер Тәрбиешілер Тәрбиешілер Тәрбиешілер	

	8.«Туған күніңмен, Астана!» 9.«Арулар шеруі» - қыздар байқауы 10.«Конституция күні»	Шілде 2022ж Тамыз 2022ж Тамыз 2022ж	Тәрбиешілер	
3	Іс - шаралар: - «Жадыраған жаз келді» /сурет/ байқауы - «Біз жол ережесін білеміз» - «Сықырлы ертегілер әлемі» - «Құмнан жасалған қала» - «Қамықпа, алға, шапшаң адымда» - «Көңілді доптар сиқыры» - «Шебер қолдар» табиғи материалдардан көрме - «Дәруменді табиғат» - «Оларды жеуге алуға болмайды» (ұлы жидектер, саңырауқұлақтар) - «Ойыншықтар әлемі» - «Менің достарым – үй жануарлары» - «Туылған күніңмен - достар»	Үнемі	тәрбиешілер Тәрбиешілер, Музыка жетекшілері,	
4.	Нұсқау, кеңес беру: - Жаз мезгілінде балалардың күн, ауа, су процедураларын қабылдау талаптары; - Жазғы серуен өткізу ерекшелігі; - Ата-аналардың балаларға үйрететін жеке бас тазалықтарын бақылау.	Маусым 2022ж Шілде 2022ж Үнемі	әдіскер Н.Умирбекова Меңгеруші Г.Батырқұлова Медбике С.Садыбекова	